



АНА ТІЛІ

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Тәжік Тәжік

Сәзі жогалған
жүртттың
өзі де жогалады



Астана, сенен айналдым



Ішінде өмір – майданың
Келеді деме, қайдан мұң?!
Жарқырап қанша тұрса да,
Табады адам Айдан мін.
Халқына қажет болмаса,
Керегі қанша пайдаңың.
Аста-төк болған жүртима –
Астана, сенен айналдым.

Жыл сайын жүртим тойлаған,
Байлыққа мұртын майлаған.
Төгіліп жатыр қайдан күй,
Ағылып жатыр қайдан ән?!
Асылын басып қойнына,
Аспанның астын жайлаған –
Астана, сенен айналдым.

Тамырын тартқан таң – нұрдан,
Азаттық үшін жан құрбан!
Есілдің екі жағынан
Салтанат,
Сауық,
Сән құрган.
Елкен бәрін өткізіп,

Елімнің бағын жандырған –
Елорда, сенен айналдым.

Қылыш күніңе – қиналадам,
Игілігіңе иланам.
Жаныма шабыт, құй беріп,
Шапағатыңды құй маған.
Таланттарын түгендеп,
Асылдарын жинаған –
Астана, сенен айналдым.

Сарыарқа,
Сайын даламнан,
Сарқырап бұлақ – нәр алған.
Кетпейтін сыры қеудеден,
Өшпейтін нұры жанардан.
Еңсесі биік,
Ерекше,
Елорда, сенен айналдым.

Жарқырап жақұт дидары,
Халқыма бақыт сыйлады.
Ұлдары түгел ержүрек,
Қыздары түгел ибалы.
Есілге құйған құт болып,
Төсінде тұнған Иманы –
Астана, сенен айналдым!

Серік ТҮРҒЫНБЕКҰЛЫ